

О.Жұмабеков атындағы тірек мектебінің 2025-2026 оқу жылына Республикалық
«Мектепке жол» акциясы бойынша ақпарат 1 тамыз-15 қыркүйек аралығы

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы еліміздің барлық аймақтарында
1 тамыздан 30 қыркүйек аралығында өтеді.

«Мектепке жол» дәстүрлі жалпы республикалық қайырымдылық акциясы өткізілді.
«Қазақстан Республикасының білім беру туралы» заңын іске асыру, оның ішінде мектеп
жасындағы балалардың әлеуметтік себептерге байланысты мектепке келмей қалуын
алдын алу мақсатында Оразалы Жұмабеков атындағы Тірек мектебінде «Мектепке жол»
акциясы ұйымдастырылды. Мектеп ұстаздары мен дүкендерге, ата-аналар комитетіне,
демеушілерге ақпараттандыру парақтары таратылды, өтініштер жолданды. Акция аясында
«Мектепке жол» акциясы стенді, «Мектепке жол» акциясы логотипі ілінді.

«Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясы аясында мектеп ұстаздары аз
қамтылған, қамқорлықтағы бала және күн көрісі төмен отбасынан шыққан оқушыларға
қаржылай және оқу-құралдарымен көмек көрсетті.

Акция аясында мектеп ұстаздары мен жеке кәсіпкерлер «Asselyn» дүкені, «Қазына» дүкені
демеушілік танытып, көмек қажет ететін оқушыларға оқу-құралдары мен киім-
кешекпен көмек көрсетті.

Акция аясында белсене қатысып, көмек көрсеткен ұстаздар мен жеке кәсіпкерлер:

1. Абдіғазымова А - 3 оқушыға 60000 теңге қаржылай көмек көрсетті.
2. Омарова Р- 2 оқушыға киім-кешекпен көмек көрсетті.
3. «Қазына» дүкені 2 оқушыға киім- кешекпен 48000 теңге көлемінде көмек көрсетті.
4. «Asselyn» дүкені 2 оқушыға мектеп формасымен (костюм-шалбар ер балаға, жейде мен юбка қыз балаға) 55 мың теңге көлемінде көмек көрсетті.

Акция аясында жиналған киім-кешекпен оқуға қажетқұрал-жабдықтар аз қамтылған, күн
көрісі төмен отбасынан шығып отырған оқушыларына табысталды. Жалпы мектеп
бойынша көмек көрсетілген 9 оқушы қамтылды. Жалпы оқушыларға көрсетілген көмек
сommасы 240мың теңге.

Әлеуметтік педагог

Ж.С.Кошмағанбетова